

Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 311 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Маңғыстау ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квоталар белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау ауданы әкімінің орынбасары Е.Махмутовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау ауданы әкімі

Г.Ниязов

Маңғыстау ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 26 қыркүйектегі
№311 қаулысына 1 қосымша

Ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санынан мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квоталар

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квоталардың мөлшері (%)	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны
1	Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің "Шетпе лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	59	2	1
	Маңғыстау облысы білім басқармасының " Маңғыстау техникалық			

2	колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (келісім бойынша)	69	2	1
3	"Маңғыстау облысының ветеринария басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы Маңғыстау аудандық ветеринариялық станциясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (келісім бойынша)	61	2	1
4	Маңғыстау аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Дария" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (келісім бойынша)	130	3	4
5	"Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы Маңғыстау аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (келісім бойынша)	570	4	23
6	Маңғыстау аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Маңғыстау аудандық балалар	87		2

	мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)		2	
7	Маңғыстау аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Өрлеу" мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (келісім бойынша)	170	3	5
8	Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің "Шетпе гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	55	2	1